



Зоопарктерге арналған ұсыныс

Чиппен белгілеу – бұл заманның талабына сай, қолданысқа қолайлы, малдың етін ауыртпайтын, жануарларды сәйкестендірудің әлемде жиырма жылдан астам уақыт бойы қолданылып келе жатқан сенімді тәсілі. Жабайы аңдарды және зоопарк хайуанаттарын чиппен белгілеудің қолға алынғанына көп бола қоймағанымен, озық дәстүрлі және қазіргі заманғы зоопарктердің көпшілігі өз жануарларын чиппен белгілеп, олар туралы мәліметтерді жануарларды электронды сәйкестендірудің деректер қорына енгізуде.

Микрочиптеу бүгінгі таңда жануарларды сәйкестендірудің барлық қойылатын талаптарына сай келеді – енді қолдан бұрмалап салу, нөмірін ауыстыру мүмкін емес, нөмір малмен бірге өмір бойы сақталатындығына кепілдік беріледі, чип малдың денсаулығына еш залал келтірмейді, ресім өте тез орындалады.

Чиппен белгілеу зоопарктерге мынадай қолайлылық пен үнемділік жағдайларын ұсынады:

- қайтадан сәйкестендірудің қажеті болмайды (мысалы, құлақ таңбалары сияқты);
- әр аңға жеке күтім жасауға болады – емдеу, азық беру кезінде т.б;
- жануарларды ауыстыру немесе ұрлау мүмкін емес;

- инбридинг өсіру және бақылау кезінде есепке алуға болады;
- басқа зоопарктермен аң алмасу немесе сауда жасау процесі жеңілдейді;
- коллекция топтастыру және басқа зоопарктер үшін аң өсіру саласындағы жетістіктер туралы ақпараттың қолжетімділігі.

Микрочиптерді тері астына енгізу әдісі балықтардан бастап жорғалаушыларға дейін, ірі жыртқыштардан ұсақ тұяқтыларға дейін барлық жануарларға қолданылады.

Чиппен зоопарктерге, әсіресе асыл тұқымды аңдары бар зоопарктерге жануарлар санын 100% есепке алуға, әр аңның күйін бақылап отыруға мүмкіндік береді. Жануарларды ауыл шаруашылығында электронды таңбалау жүйесі зоопарктегі әр аңға жеке күтім жасауды қамтамасыз етеді. Микрочиптер көмегімен сәйкестендірілген аңды тани отырып, олардың ішінде қайсысы бөлек емдеуді қажет ететіндігін тиімді анықтауға болады, салмағы мен өнімділігін ескере отырып, жеке азықтандыру тәртібі мен ем қолданып, таза тұқымды аңды сақтап қалуға мүмкіндік жасалады.

Жабайы аңдармен және зоопарк асырандыларымен жұмыс үшін арнайы жасақталған сканерлер ұзартылған сырық-антеннамен жабдықталады, ол вольерде қолдануға өте қолайлы. Жинақталған деректер сканерден шұғыл түрде компьютерге жөнелтіледі. Сканерді компьютерге жалғау арқылы сіз жануардың денсаулық күйі туралы жазбалардың автоматты түрде жүргізілуін қамтамасыз ете аласыз, ветеринарлық есепке алу жеңілдеп, жүйелене түседі.

Өз зоопаркіңізде озық сәйкестендіру технологиясын қолдану үшін бізге хабарласып, жұмысыңызға қажетті құрал-жабдықтар туралы толық ақпарат ала аласыз. Микрочиптерді біздің дүкеннен сатып алған жағдайда сіздің жануарларыңыз

туралы деректер біздің [деректер қорымызға](#) тегін орналастырылмақ. Біз сіз үшін аңдарды есепке алудың дербес деректер қорын құрып, жасақтап бере аламыз.

Бізбен жұмыс жасап, біздің [дүкендерімізден](#) микрочипті шегеріммен алғыңыз келсе, [біздің ветеринарлар туралы деректер қорымызда тіркеліңіз.](#)

Зоопарк өкілдерін жұмыстарында микрочиптерді белсенді қолдануға шақырамыз!



Copyright © 2012-2021
All Rights Reserved
«Animal ID Kazakhstan» LLC